



**Білім беру ұйымдары және  
қосымша білім беру ұйымдарының  
басшылары**

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК 2025 жылғы 28 қазан күні қазақтың әйгілі күйші композиторы, дирижер, КСРО халық әртісі, Халық қаһарманы Нұрғиса Атабайұлы Тілендиевтің туғанына 100 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Ұлы дала сазы: Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылық мұрасы» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізетінін хабарлайды.

Осыған орай, аталған іс-шараға педагогтердің қатысуын қамтамасыз етуді сұрайды.

Өтетін орны: Астана қаласы, Сауран 5/1, Кәрім Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицей ШЖҚ МКК.

Қосымша 6 п.

**Басшы**



**С. Дауешова**



## **«ҰЛЫ ДАЛА САЗЫ: НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ -ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҚ ХАТ**

### **Құрметті әріптестер!**

2025 жылдың 28 қазан күні қазақтың әйгілі күйші композиторы, дирижер, КСРО халық әртісі, Халық қаһарманы Нұрғиса Атабайұлы Тілендиевтің туғанына 100 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Ұлы дала сазы: Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылық мұрасы» республикалық ғылыми - тәжірибелік конференциясына қатысуға шақырамыз.

### **Конференцияның мақсаты:**

Нұрғиса Атабайұлы Тілендиевтің шығармаларын өскелең ұрпаққа насихаттау, ұлттық құндылықтарды бала бойына дарытудағы педагогтердің инновациялық әдіс-тәсілдері мен тәжірибесін тарату, шығармашылық әлеуетін арттыру.

### **Конференцияны ұйымдастырушылар:**

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, Астана қаласы әкімдігінің Кәрім Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицейі ШЖҚ МКК, №1 балалар музыка мектебі МКҚК.

### **Конференцияға қатысушылар:**

Республикалық конференцияға қоғам және мәдениет қайраткерлері, ЖОО оқытушы-профессорлары, орта білім беру және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары қатыса алады. Қатысушылардың жас мөлшері шектелмейді.

**Қатысу тілі:** қазақ, орыс тілдерінде.

**Өткізу форматы:** офлайн

**Ғылыми-тәжірибелік конференцияны өткізу тәртібі:**

**Өтетін уақыты:** 2025 жылы 28 қазан күні сағат 09.30-да (тіркеу 09.00-09.30)

**Өтетін орны:** Астана қаласы, Сауран 5/1, Кәрім Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицей ШЖҚ МКК-да өтеді.

### **Конференция бағыттары (секциялар):**

1. «Нұрғиса Тілендиев – қазақ музыкасын әлемдік деңгейге көтерген тұлға» (музыка пәні мұғалімдері, қосымша білім беру мекемелерінің оқытушылары қатысады)

2. «Өз елім» (қатысушы Нұрғиса Тілендиевтің бір әнін орындайды және шығарма құрылымына талдау жасайды, шығу тарихымен таныстырады, таныстырылымы жинаққа енгізіледі)

3. «Нұрғиса Тілендиевтің күйшілік мұрасы» (қатысушы композитордың бір күйін аспапта орындайды және шығарма құрылымына талдау жасайды, шығу тарихымен таныстырады, таныстырылымы жинаққа енгізіледі)

4. «Нұрғиса Тілендиев мұрасы - жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеудің өнегесі» (Білім беру ұйымдары басшыларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілері қатысады)

5. «Көш керуен» өнер бағыты. Қатысушы Н.Тілендиевтің шығармаларының бірін таңдай отырып, шығарма мазмұны негізінде сурет салады. Қатысушы сурет салуға арналған А3 торшон қағазы немесе кенеп матасы, гуашь, акварель бояуы, қылқалам (кист), палитра; су құятын ыдыс, қол сұртетін қағаз (майлық), жақтау (рамка), мольберт т.б. өзімен бірге алып келеді. Қатысушыға 50 минут уақыт беріледі. Салған суреттерін сурет жақтауына салып, мольбертке орналастырып, галерея ұйымдастырады. Авторға салған шығармасын таныстыруға 3 минут уақыт беріледі. (Шығарма таныстырылымы мен салынған суреттер PDF форматта жинаққа енгізіледі)

### **Конференцияға қатысу тәртібі**

1. Конференцияға ұсынылған баяндамалар қатысушының өзі тікелей дайындаған педагогикалық инновациялық тәжірибесімен байланысты болуы тиіс. Материалдың тақырыбы көрсетілген бағытпен мазмұндас тәжірибелік, әдістемелік сипатта және жалпыға танылған ғылыми дәлелдерге, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Үлгілік оқу бағдарламаларының талаптарына қайшы келмеуі керек.

2. Конференцияға қатысушы жұмысын (баяндама/мақала) қорғау үшін 5 минут уақыт беріледі.

3. Ұйымдастырушылар көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін, плагиатқа тексеру барысында авторлық құқықты бұзған жұмыстарды қабылдамайтынын және кері қайтармайтындығы ескертіледі.

4. Ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысу үшін Өтінім мен қатысушының негізгі талапқа сай, (Сұраныс (1-қосымша) баяндамасы мен презентациясы 2025 жылдың 20 қазанына дейін көрсетілген электронды мекенжайға (Shabkenova@bk.ru) жіберілуі тиіс. Туындаған сұрақтар бойынша конференцияны ұйымдастырушылардың ұялы телефонына хабарласа аласыздар: Қаракеева Закира Курманбековна, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскері, 87784521044; Шабкенова Самал Жамалиевна, №105 орта мектебінің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 87759473236.

5. Қатысушының жұмысы 2-қосымшада берілген критерийлер арқылы сарапталады. Сараптамадан өткен жұмыс конференцияға жіберіледі.

**Баяндаманы рәсімдеуге қойылатын талаптар:**

- Баяндама мәтіні А4 формат бойынша 4 парақтан кем, 5 парақтан артық болмауы керек;

- Баяндаманың тақырыбы әртүрлі болуы мүмкін, бірақ бағыттың тақырыбына сәйкестендірілуі керек;

- Баяндама (мақала) мәтіні MS Word мәтіндік редакторы бойынша жазылуы керек:

- Парақтардың параметрлері: жоғары – 2 см., төменгі -2 см., сол жағы- 2,5 см., оң жағы-1,5 см.

- Шрифт: Times New Roman, кегл – 14

- Жол аралық : 1 интервалмен

- Жаңа жол: 0,9 см.

- Бір жолдан кейін-ортасынан баяндама тақырыбы (бас әріптермен, қою шрифтпен) жазылып, төменгі жағына орындаушының аты-жөні бас әріптермен, мекеменің атауымен қоса беріледі. Библиографиялық тізім мақаланың соңында алфавиттік ретпен беріледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі (10-нан кем емес) баяндаманың соңында бір жол тасталып, әліпби ретімен жазылады.

**Презентацияға қойылатын талаптар:**

**I. Жалпы:**

- Презентацияны тым көп ақпаратпен толтырмаған абзал. Ең маңызды ақпарат слайдтың ортасына орналастырыған дұрыс. Негізгі ақпарат тезис, негізгі фразалар және графикалық ақпараттар (сызбалар, графиктер, суреттер және т.б.) түрінде болуы керек.

- Презентациядағы ақпарат қысқа және түсінікті болуы шарт.

- Презентация саны 7-10-нан аспауы керек.

- Презентация көрермендерге сіздің ойыңызды, сөзіңізді толықтырушы, бағыт-бағдар беруші, тақырыбыңызды ашып түсіндіруші, сілтеп көрсетуші ролінде болуын қадағалаңыз.

- Презентациялардың эстетикалық тартымдылығына мән беріңіз.

**II. Презентациялардың орналасу реті:**

1. Әр презентация мәнді, тақырыпқа сай болуы шарт (титул, мақсаты мен міндеттері, негізгі ақпарат, қорытынды)

2. Титуль беті (тақырып, ұйым, жұмыс атауы, авторы, ұйымдастырушы ұйымдардың лаготипі).

3. Кіріспе бөлім: 1 не 2 презентациядан тұрады (жұмыстың мақсаты мен міндеттері ашылуы, ойтүрткі, т.б.).

4. Негізгі бөлім: 3 не 4 презентация (негізгі ақпарат, тақырыптың ашылуы, ғылыми зерттеу, ой салу, тәжірибе көрсету, әдіс-тәсіл, т.б.).

5. Қорытынды бөлім (негізгі қорытынды түйінді ой).

**Назарда ұстаңыз:** сізді модератор тарапынан көпшілікке таныстыратындықтан, өзіңіз туралы мәліметті қайталамаған дұрыс. Сұрақтар барлық спикерлер сөйлегеннен кейін қойылады және талқыланады.

Конференция тақырыбы мен баяндама рәсімдеудің талаптарына сәйкес келмейтін, сонымен қатар көрсетілген уақыттан кейін жіберілген материалдар ұйымдастырушылардың шешімімен жинаққа енгізілмейді.

**Қорытындысы:**

Конференцияның қорытындысы бойынша тыңдаушылар мен спикерлер Өдістемелік орталықтың атынан қатысқаны және тәжірибесін таратқаны үшін Сертификатпен марапатталады. Сертификаттардың электронды нұсқасы жіберіледі. Конференция материалдары PDF форматында Астана қаласы әкімдігінің «Өдістемелік орталығы» МКҚК <https://astana-modern.edu.kz/> сайтында қараша айының 30-на дейін жарияланады.

Баяндаманы жинақта жариялау құны 4000 (төрт мың) теңгені құрайды.

**Атауы:** Астана қаласы әкімдігінің «Өдістемелік орталығы» МКҚК.

Мекен жайы: Қазақстан, Астана қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 33 үй.

**ИИН/БИН:** 070540006188

**Банк:** АО "KASPI BANK" КБЕ: 16

**БИК:** CASPKZKA

**Шот нөмірі:** KZ42722S000006089425

*I-қосымша*

**Астана қаласы әкімдігінің  
«Әдістемелік орталығы» МКҚК  
басшысы С. Дауешоваға  
(ұйым атауы, ұйымның басшысынан)**

### **Сұраныс**

**«Ұлы дала сазы: Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылық мұрасы»**  
республикалық ғылыми – тәжірибелік конференциясына қатысуға рұқсат  
етуіңізді сұраймын.

|                                           |  |
|-------------------------------------------|--|
| Қатысушының тегі, аты-жөні,<br>лауазымы   |  |
| Лауазымы, пәні                            |  |
| Облыс, аудан, қала, село, (ауыл)<br>атауы |  |
| Білім беру мекемесінің атауы              |  |
| Секция бағыттары                          |  |
| Баяндаманың (шығарма) тақырыбы            |  |
| Ұялы телефоны, e-mail                     |  |

**Баяндама мазмұнын сараптау критерийлері:**

1. Плагияттың болмауы (антиплагиятпен тексеріледі, жұмыстың 85%-ы плагият болмауы шарт);
2. **Жаңашылдық:** автор шығармашылығын таныту мен насихаттауда өзіндік идеясының болуы, жаңа технологияны қолдануы немесе білім алушыларға тиімді үйретудің жаңа әдістерін ұсынуы;
3. Ғылыми тәжірибелік мәселені шешуге жарамды болуы;
4. **Тәжірибелік:** баяндамаға тәжірибе қолданылған педагогикалық құралдардың кіріктірілуі, қолжетімділігі;
5. **Мазмұны:** ұсынылған тақырыпқа, оқу бағдарламасына, ұйымдастырушылар ұсынған талапқа сай келуі;
6. **Әдістемелік:** берілген ұсыныстардың (шешімнің) оқу-тәрбие үдерісіндегі тиімділігі;
7. **Креативтілік:** педагог қолданып жүрген өзіндік элемент, нысандарының болуы;
8. **Дәлелді:** интерпретацияланған тұжырымдар, статистикалық мәліметтердің болуы қажет.